

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

ҚМГ қосылған құнның тізбегін барлық кезеңде толық интеграциялай алған Қазақстандағы мұнайгаз саласындағы ұлттық көшбасшы болып табылады

Дәлелденген қордың еселік мөлшері (IP) 16 жылды құрайды. Бұл әлемдегі халықаралық ірі мұнай компанияларының орташа көрсеткішінен әлдеқайда жоғары және ол шамамен 11 жыл



## ҚОРЛАР

PRMS халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған DeGolyer&MacNaughton халықаралық тәуелсіз консалтингтік компаниясының аудитіне сәйкес 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ көмірсутектерінің, дәлелденген және ықтимал қорлары (2P) м.э. 645 млн.тонна . (м.э. 4 983

млн барр.) құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 2P қорларының деңгейі 1,8%-ға өсті. Көрсеткіштердің артуы негізінен Өзен, Қашаған кен орындарының КСШ қорларын қайта есептеуін қоса алғанда, көмірсутектер қорларын басқару бойынша орындалған кешенді іс-шараларына, сондай-ақ макроэкономикалық

өлшемдердің жақсаруына (мұнай бағасының өсуі) байланысты болды.

Дәлелденген қорлардың (1P) еселігі 16,5 жылды құрайды, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіш - 11 жылға жуық мерзімнен айтарлықтай жоғары.

### 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша PRMS бойынша таза қорлар<sup>1</sup>

Көміртектер, м.э. млн баррелі

Дәлелденген (1P)

'21	3 694
'20	3 550
'19	3 860

Дәлелденген плюс ықтимал (2P)

'21	4 983
'20	4 894
'19	5 220

Дәлелденген плюс ықтимал плюс қисынды (3P)

'21	5 869
'20	5 832
'19	6 089

Көміртектер, м.э. млн тоннасы

Дәлелденген (1P)

'21	477
'20	459
'19	499

Дәлелденген плюс ықтимал (2P)

'21	645
'20	635
'19	676

Дәлелденген плюс ықтимал плюс қисынды (3P)

'21	761
'20	757
'19	790

## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ

ҚМГ геологиялық-барлау және қорлардың өсімін қамтамасыз ету бойынша бұрын әзірленген стратегияны ұстанады.

2021 жылы геологиялық-барлау жұмыстарына арналған шығындар 20,7 млрд теңгені (үлестерді есепке алмағанда) құрады, бұл 2020 жылғы шығындардан 2,7 млрд теңгеге жоғары. Шығындардың ұлғаюы негізінен жаңа перспективалы кен орындарын игеруге, сондай-ақ өндірудің ағымдағы деңгейін ұстап тұруға және орта мерзімді перспективада қорлардың орнын толтыруға күрделі салымдармен байланысты болды.

### Органикалық

және бейорганикалық есу есебінен қорларды толықтыру

- Қолданыстағы келісім-шарттық учаскелерде геологиялық-барлау жүргізу
- Өндіруші активтерге қосымша барлау жүргізу
- Перспективалық жобаларды бағалау және сатып алу

### Геологиялық-барлау

жобаларын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктестерді тарту

- Шетелдік инвестицияларды тарту
- Білім және технологиялар трансфері
- Тәуекелдерді оңтайландыру

### Жүргізілетін

геологиялық-барлау жұмыстарының тиімділігін арттыру

- Ағымдағы технологияларды жетілдіру және жаңа технологияларды енгізу
- Процестерді цифрландыру
- Барлау процестерін жобалық басқару жүйесін енгізу

<sup>1</sup> Нетто қорлар басқа тараптарға тиесілі барлық үлестерді шегергеннен кейін (1) ҚМГ қатысу үлесіне, сондай-ақ (2) ҚМГ-ге тиесілі емес, бірақ ҚМГ бақылайтын үлестерге жататын барлық қорлардың бір бөлігі ретінде айқындалады.